

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»
ММ «№2 Хромтау гимназиясы» КММ сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Хромтау қаласы

2023 жылғы 20 желтоқсан

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «№2 Хромтау гимназиясы» КММ директорының 2023 жылғы 04 желтоқсандагы № 60 н/к бұйрығы негізінде жүргізілді. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) болімшенің қызметін қозгайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) болімшенің үйымдастыруышылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Болімшенің үйымдастыруышылық-басқарушылық қызметі бойынша төмендегі мәселелерге талдау жүргізілді:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау;
- 2) мұдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер корсету;
- 4) рұксат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бакылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және болу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) аппараттық жүйелерді өзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің үйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдауды жүргізу мерзімі: 2023 жылғы 05-20 желтоқсан.

Талдауды жүргізу кезеңі: 2023 жылдың шілде - желтоқсан айы (6 айы).

«№2 Хромтау гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданының әкімдігінің қаулыларына, Хромтау ауданының білім болімінің бүйректарына, білім беру үйымының Жарғысына және мектептің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Талданатын иысан туралы мәлімет:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім болімі» ММ «№2 Хромтау гимназиясы» КММ.

2023-2024 оку жылындағы білім алушылар саны – 853 окушы. Барлығы 1-11 сыныптар аралығында 31 клас - комплект бар.

Оның ішінде: Мектепалды даярлық сыныбында - 36 бала, 1-4 сыныптарда - 385 бала, 5-9 сыныптарда – 348 бала, 10-11 сыныптарда - 84 білім алушы білім алуда.

Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы Надежда Курченко көшесі, 1 үйі;

Хромтау қаласының білім бөлімінің құрылымдық кәсіпорыны болып табылады.

«№2 Хромтау гимназиясы» КММ құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында қөзделген максаттар мен міндеттерге кол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру мектептің негізгі міндеті болып табылады.

Мектеп оз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, озге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданы әкімдігінің қаулыларына, «№2 Хромтау гимназиясы» КММ Жарғысына, Хромтау аудандық білім бөлімінің бүйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

I. «№2 Хромтау гимназиясы» КММ персоналды басқару қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Персоналды басқару, соның ішінде қадрларды конкурс пен қабылдау және қадрлардың жұмыстан шығарылуы, ауысусы;

Мектеп директоры: Юшкевич Елена Павловна.

Гимназия директоры азаматтарды жеке қабылдауын кабинетінде тұрғындарға колайлы жағдай жасау, әкімшілік кедергілерді жою принципін ендіру түрінде жүргізеді.

Мектептің штат саны 86 қызметкерді құрайды, оның ішінде педагогтар саны - 71, (оның 8 декреттік демалыста) кіні қызметкерлер саны - 15.

Мектепте педагогтарды жұмысқа қабылдау және бос орынға қабылдау ҚР Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 513 бүйрығы негізінде конкурс жариялау арқылы жүргізілген.

2023 жылдың шілде - желтоқсан айларында педагогтың бос және уақытша бос орындарына конкурс 2023 жылдың 05 шілде - 17 шілде аралығында 4 маман, 11 тамыз -22 тамыз аралығында 4 маманға, оның ішінде бастауыш клас мұғалімі, ағылшын тілі, дene шынықтыру, математика пәні мұғалімдеріне жарияланған. Конкурстар мектептің сайтында хабарландыру түрінде орналастырылған. Конкурсты үйымдастыру тәртібінің кезендері толық сакталған. Конурс комиссиясының шешімімен бүйрыктар шығарылған. Тест арқылы қабылданған педагог саны - 8 педагог.

2023 жылдың шілде - желтоқсан айлары аралығында жұмыстан шықкан педагогтар саны - 4, 1 - педагог декретке кеткен.

Кіні қызметкердердің жұмыстан шыққаны, жұмыс ауыстырылғандары жсоқ.

2) мұдделер қактығысын реттеу; Талдау барысында мемлекеттік қызметте мұдделер қактығысының фактілері анықталған жок.

3) мемлекеттік қызмет көрсетеу:

Білім беру үйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны-6.

1) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және окута қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетеу

2) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін үйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетеу

3) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына денсаулығына байланысты ұзак уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды үйимдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетеу

4) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және женилдетілген тамактандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсетеу

5) «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телиұскаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсетеу

6) «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жаңындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет.

Гимназия директорының 2023 жылғы 12 қантардағы № 61 н/к бүйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жауапты тұлғалары бекітілген.

2023 жылдың шілде-желтоқсан (6 айы бойынша) айларымен барлығы - 57 қызмет көрсетілген. Басқа мектептен ауысып келген 32 оқушы қабылданған. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың 6 телиұскасы берілген. 11 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Шілде-тамыз айларында 1 сыйныңқа қабылдау «Е Актобе», «mekter.akt.kz» веб-порталы арқылы электрондық форматта - 8 қызмет көрсетілген. 2023 жылы ақпан айында 25 түнгі мемлекеттік қызмет көрсетеуді түсіндіру және насиҳаттау жүргізіліп, 1 рет хаттама жазылған.

Мектеп дәлізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге арнайы стенд талантарға сәйкес жабдықталып, мемлекеттік қызмет көрсетеу қағидаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша жаңартылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жасайтын сенім телефондары жадынама ретінде ілінген. Дәлізде өзіне өзі қызмет көрсетеу бұрышы жасақталған. Мемлекеттік қызмет көрсетеу құжаттары мен акпараттары <https://gimnaziya2.edu.kz/> мектептің сайтында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсетеу бойынша бұзуышылық анықталған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау баскарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

Сыбайлас жемкорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемедегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Egov.kz веб-порталы арқылы электрондық форматта жүргізілуі жетілдірілсін.

4) Бақылау функцияларын іске асыру

Коммуналдық мемлекеттік мекемеде бақылау функциялары жок.

5) үйимдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындастырылған өзге де мәселелер.

Педагогтардың қызметіне қойылатын талаптар мен педагогикалық әден қағидаларын сактау нормалары жөнінде талдау жасалды. 2023-2024 оқу жылында әден көңесі отырыстары жоспарлы өткізілген, педагогикалық қызметкерлер арасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 11.05. №190 бүйрығымен бекітілген «Педагогикалық әден қағидалары» талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген және хаттамаланған.

Корсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сактамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған. «Сенім телефоны» бойынша қоңырау кабылдау кестесі мен оған жауапты тұлғаларды бекіту бүйрыктары шығарылған. «Сенім телефоны» - 21 - 6 – 09 туралы акпарат ілінген.

«№2 Хромтау гимназиясы» КММ «Сенім телефоны» психологтар кабинетінде орналасқан, педагог-психолог Салықбаева Г.А. жауапты болып бекітілген, журналда тіркелген мәлімет жок. Шағым түспеген.

Талдау корсеткендей, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылықта тартылу фактілері орын алған жок.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Мектептің персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Педагог қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті катаң сактау жөніндегі акпараттық түсіндірме жұмыстары мен педагогикалық окуладарды өткізу тәжірибесі әрі қарай жетілдірілсін.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы реєми интернет-ресурсында орналастырылды.

Жұмыс тобы

Торагасы «№2 Хромтау гимназиясы» ММ
директоры:



Юшкевич Е.П.

Директордың тәрбие орынбасары



Клюмова В.К.

Мектеп психологы



Салықбаева Г.А.

Ардагер үстаз



Лужанский О.П.

Ата-аналар көңесі торағасы



Филинчик А.В.